

■ Цифрландыру және AI жылы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ ТОЛЫҚҚАНДЫ ЦИФРЛАНДЫРЫЛҒАН ФОРМАТҚА КӨШЕДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі хабарлайды: 2026 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстанда мемлекеттік қызметке қабылдаудың жаңартылған тәртібі енгізіледі. Жаңа жүйе іріктеу процесін толыққанды цифрландырып, конкурс рәсімдерінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа қатысу үшін кандидаттар өтініштерін eqyzmet.gov.kz порталы арқылы онлайн түрде береді.

Мемлекеттік лауазымдарға кандидаттар конкурсқа қатысар алдында заңнаманы білуге арналған тестілеуден, сондай-ақ жеке қасиеттерін бағалау кезеңінен өтеді. Заңнамалық тест Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, сондай-ақ Әдеп кодексі бойынша жүргізіледі. 55 сұрақтан тұратын тестілеуде кемінде 30 дұрыс жауап беру және әрбір нормативтік акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап көрсету қажет.

Жеке қасиеттерді бағалау үш бағдарлама бойынша өткізіледі:

- басшылық лауазымдарға арналған (10 құзырет);
- басшылық емес лауазымдарға арналған (7 құзырет);
- жұмыс өтілін талап етпейтін төменгі лауазымдарға арналған (эмоционалды, әлеуметтік және логикалық қабілеттер).

Тестілеу нәтижелері бір жыл бойы жарамды. Кандидаттар жеке қасиеттерді бағалау тестін айына үш ретке дейін тапсыра алады.

Конкурсқа ең жоғары балл жинаған ТОП-5 кандидат жіберіледі. Құжаттар жеке кабинет арқылы ұсынылады.

Басшылық лауазымдарға кандидаттар эссе жазып бейнебайланыс арқылы әңгімелесуден өтеді. Ал басқа лауазымдарға кандидаттар практикалық тапсырмалар



орындайды (аналитикалық жазба, ресми хат дайындау, өтініштерді қарау).

Жүйе барлық нәтижелерді автоматты түрде есептейді. Ең жоғары жиынтық балл жинаған кандидат жеңімпаз деп танылады. Балл тең болған жағдайда еңбек өтілі мен білім деңгейі ескеріледі.

Жалпы іріктеу кезеңдерінің ашықтығы, объективтілігі және әділдігін қамтамасыз ету мақсатында (әңгімелесу кезеңін қоспағанда) барлық кезеңдерде прокторинг қолданылады.

Жаңа тәртіпке сәйкес конкурс рәсімдерінің ұзақтығы айтарлықтай қысқарып, орта есеппен 5–7 жұмыс күнін құрайды (бұрын 23–30 күн).

Жалпы, жаңартылған жүйе мемлекеттік қызметке қабылдау процесін жеңілдетіп, оның ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіби кадрларды тартуға мүмкіндік береді.

eqyzmet.gov.kz



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік институттарға деген сенімді жоғалтып, қоғамның дамуын тежеп, әрбір азаматқа орасан зор шығын әкелетіндігі белгілі. Жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттің ғана емес, біздің әрқайсымыздың міндетіміз.

Қазақстанда жемқорлыққа қарсы жүйе 2022-2026 жылдарға арналған Концепцияның негізінде құрылған. Ол жемқорлықтың себептерін жоюға, қоғамда осы бір келеңсіз жағдайдың пайда болуына төзе алмаушылықты қалыптастыруға бағытталған. Ең алдымен мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығына, кез келген ақпараттарды азаматтармен бірлесіп отырып қол жеткізуге баса назар аударылады.

Қазірде «Заң мен Тәртіп» концепциясы идеологиясы жетілдіріліп, құқықтық мәдениет пен жауапкершілік қағидасы қалыптасуда. Әрбір азамат пара алудан бас тартуға, заңдылықты қадағалап, құқық бұзушылықты ашық түрде талқылауға өз үлесін қоса алады. Тек мемлекет пен қоғамның бірлескен әрекеті ғана сыбайлас жемқорлықты ауыздықтай алады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – біздің әрқайсымыздан басталатын күн сайынғы адалдық пен жауапкершілік практикасы. Бұл – тұрақты және қауіпсіз қоғамның негізі.

А. МАҒАУОВ,

Целиноград аудандық ауданаралық аймақтық мәжбүрлеп орындау бөлімінің аға сот орындаушысы, бөлім жетекшісі.

■ Спорт

ЖЕҢІСТІ КҮНДЕР КӨП БОЛСЫН



Жуырда Астана қаласында кір тасын көтеру спорты бойынша Қазақстан Республикасының Кубогі өтті. Ересектер, жастар және жасөспірімдер арасында өткен чемпионат ұзын айналым, жұлқа көтеру, серпе көтеру сайыстарынан тұрды.

Аталған жарысқа Жалғызқұдық ауылының жас спортшылары да қатысып, жоғары нәтижемен оралды. Атап айтқанда, Истомин Максим 58 келіден жоғары салмақта 3-ші орынды иеленді. 38 келіден жоғары салмақта Краус Александра екінші сатыға көтерілді. Истомина Валерия жұлқа және серпе көтеруден бірінші орын, екі алтын медаль жеңіп алды. Спорт шеберлігіне кандидат Әшімова Медина 68 келіден жоғары салмақ дәрежесінде 1-ші орын және алтын медальді қанжығасына байлады.

Сондай-ақ, спорт шебері Смелов Максим мен 78 келіден жоғары салмақта Әшімов Әділбек жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Осы ретте спортшыларды баптап жарысқа қосқан жаттықтырушы Әшімов Асхат Жанболатұлына ерекше алғыс айтқымыз келеді. Жас спортшыларымыздың жеңісті күндері әлі алда демекпіз

Біз сендермен мақтанамыз!

Марал ФАЗЫЛОВА,
кітапханашы.



ЖОСПАР БОЙЫНША ІС АТҚАРУДАМЫЗ

Біздің мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларға үлкен көңіл бөлуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі – заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы, сондай-ақ ашықтық пен жариялылық принципі.

Мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде көзделген мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауға, сондай-ақ азаматтармен қарым-қатынаста дұрыстық танытуға, дөрекілік, қорлау фактілеріне жол бермеуге міндетті, әдепсіздік және өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы олар тарапынан сыңға жол бермеу. Тараптардың өз міндеттері мен функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сауатты, адал және тиімді орындауға міндетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестураль» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау бойынша Целиноград аудандық аумақтық инспекциясында тұрақты жұмыс жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік инспекторлардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша нұсқаулықтар журналына тіркелуімен күн сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған дөңгелек үстелдер, әңгімелер, кездесулер өткізілуде.

Инспекция ғимаратында азаматтардың өтініш білдіруіне арналған жәшік, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдеп жөніндегі өкілеттіктері туралы ақпарат пен жоғары тұрған органдардың сенім телефондары көрсетілген стендтер орналастырылған, онда көрсетілетін қызметті алушы мұндай фактілер туындаған жағдайда тікелей хабарласа алады.

Орындау тәртібі мен мерзімдері көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, өз-өзіне қызмет көрсету бұрышын пайдалану мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметкерлер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процесінің кодексінің талаптарын қатан сақтайды.

Бұл шаралардың барлығы негізінен мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін жеңілдетуге, күшейтуге, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға бағытталған.

Н. ДҮКЕЕВ,

аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.
Ақмол.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ МӘЛІМДЕЙДІ

Құрметті салық төлеуші (салық агенті)!

Ақмола облысы бойынша МҚД Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Қазақстан Республикасының Кодексінің 93-бабына сәйкес мәжбүрлеп таратуға жататын субъектілердің тізбесін қалыптастырды:

р/с №	Салық органының коды	Салық төлеушінің тіркеу нөмірі	Сәйкестендіру нөмірі	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты не субъектінің атауы
1	312	031400154141	981240016167	товарищество с ограниченной ответственностью «Агросектор Ардагер»
2	312	620300210748	011040014261	Товарищество с ограниченной ответственностью «Төленгүт+РА»
3	312	031200212222	070340024991	Общественное объединение «Целиноградское»
4	312	620300309113	080640011962	Товарищество с ограниченной ответственностью «Мерей Астана 2008»
5	312	031200213638	121040016835	Товарищество с ограниченной ответственностью «Grem Partners Akmol»
6	312	031200214900	141240013534	Товарищество с ограниченной ответственностью «ЗемСтрой-Проект»
7	312	031200215161	150340001068	Товарищество с ограниченной ответственностью «БАЙМЕН-АХ»
8	312	620200478240	150340014406	Товарищество с ограниченной ответственностью «ProfitGroup»
9	312	620200497522	150940019954	Товарищество с ограниченной ответственностью «Alfa Stroy KZ»
10	312	031200215799	151140001192	Товарищество с ограниченной ответственностью «ТОО АҚ БӨБЕГІМ»
11	312	031200216236	160240000078	Товарищество с ограниченной ответственностью «МТС-Целиноград»
12	312	031200216499	160440021761	Товарищество с ограниченной ответственностью «КАРАОТКЕЛЬ-ФУДС»
13	312	031200216720	160640014776	Товарищество с ограниченной ответственностью «ИНВЕСТ-2016»
14	312	031200216885	160840000793	Товарищество с ограниченной ответственностью «Сан-Сара2016»
15	312	031200217223	161140014881	Товарищество с ограниченной ответственностью «Тәтті 01 «
16	312	031200217498	170140014511	Товарищество с ограниченной ответственностью «DULAT CAPITAL»
17	312	031200218210	170740002381	Общественное объединение «Федерация Акмолинской области по гандболу»
18	312	031200218265	170740013565	Товарищество с ограниченной ответственностью «ОЛЖА-БАЙ01»
19	312	031200219175	171240013381	Товарищество с ограниченной ответственностью «Асқан 2017»
20	312	031200219428	180240020254	Товарищество с ограниченной ответственностью «Акжар E&R»
21	312	031200221705	190840017624	Товарищество с ограниченной ответственностью «TRED Company»
22	312	031200222076	191140019747	Товарищество с ограниченной ответственностью «КМ СТРОЙ КЗ»
23	312	031200222197	191240024102	Товарищество с ограниченной ответственностью «AQMOL JARIQ»
24	312	031200222813	200840010304	Товарищество с ограниченной ответственностью «ТИТ Фуд Групп»
25	312	331000094560	210140038043	Товарищество с ограниченной ответственностью «Антибиотик и К»
26	312	031200224204	210740011330	Товарищество с ограниченной ответственностью «Мирас Шынгыс»
27	312	031200224237	210740023895	Товарищество с ограниченной ответственностью «Сарыколь Агро»
28	312	031200224457	210940004385	Товарищество с ограниченной ответственностью «Бес-Жан 2021»
29	312	031200224479	210940013710	Товарищество с ограниченной ответственностью «Жанажол АС»
30	312	031200225290	211240021362	Товарищество с ограниченной ответственностью «Берекет Астана»

31	312	031200225928	221040029203	Товарищество с ограниченной ответственностью «Агро - Целиноград»
32	312	031200226024	221240031966	Товарищество с ограниченной ответственностью «SmartHouse7»
33	312	031200226552	231040020112	Товарищество с ограниченной ответственностью «QAZAQ AI»
34	312	031410932993	540311400564	ОХРИМЕНКО ТАМАРА АЛЕКСАНДРОВНА/ИП ОХРИМЕНКО Т.А.
35	312	031411998298	740313350212	ЖАМАЛИЕВ ЖАСЛАН ШАРИПОВИЧ/ИП Жамалиев
36	312	031210032097	470519300533	ИНЕРБАЕВ ТОЛЕХАН УАХИТОВИЧ/ИНЕРБАЕВ ТОЛЕХАН УАХИТОВИЧ
37	312	031210391586	790608301333	БАЛТАБАЕВ ОРАЛХАН ЖАКСЫЛЫКОВИЧ/ОРАЛ
38	312	392010211954	750203350233	ТУСУПБЕКОВ БАКЫТЖАН АХМЕТБЕКОВИЧ/Ержан
39	312	300810226300	800626301633	АЙТМАГАНБЕТОВ МЕДЕТ СЕЙЛХАНОВИЧ/АЙТМАГАНБЕТОВ МЕДЕТ СЕЙЛХАНОВИЧ
40	312	392520031080	810704450465	ТЕНЛЕСБАЕВ ГАРИФОЛЛА МИРЗАБАЕВИЧ/ТЕНЛЕСБАЕВ ГАРИФОЛЛА МИРЗАБАЕВИЧ
41	312	030920017633	030327551952	БӨКЕНОВ ДАМИР АРМАНУЛЫ/ИП Бөкенов
42	312	620320242173	770405350651	ШАЙМУРАТ ҚАЙРАТ/ИП Kaisar
43	312	031220088031	870815350874	БАЛТИНОВ КАЙРАТ КАЗАХСТАНОВИЧ/ИП Балтинов
44	312	030220058059	870821450718	ЖУНУСОВА ЗАРИНА СТАНИСЛАВОВНА/ИП АЙЛАРА
45	312	182320123238	570126401969	ТАСТАГАНОВА НАГИМА ОРЫНБАСАРОВНА/Тастаганова Н.О
46	312	620220392469	780125399059	ЫСҚАҚ МҰРАЛ/ИП Сункар
47	312	030920034574	890608450725	КАСЕНОВА ГУЛЬМИРА АЛТЫНБЕКОВНА/ИП Касенова
48	312	451620285141	821204451172	ЕГЕМКУЛОВА ФЕРИЗАТ ТАЙБЕКОВНА/Егемкулова
49	312	031220180340	920310451167	ДЮСЕКЕЕВА ЖАНАР ИБРАИМОВНА/DG-Stroi
50	312	031220189146	890621451704	ОСПАНОВА ТОЛКЫН СМАГУЛОВНА/ИП Оспанова
51	312	481920065503	861210351413	ТОХТАУБАЙ ЕРСИНБЕК/Зангар
52	312	581820305110	840922401626	МУЗАФФАРОВА СЕВАРА БАХТИЕРОВНА/ГАУХАР
53	312	091620258676	870423402964	САРАЙ БАЛЖАН/Мақсат
54	312	031220238049	710103450635	ЕРМАК АННА АБАЕВНА/ЕРМАК АННА АБАЕВНА
55	312	031220248418	991004451298	ПАНКОВА ЮЛИЯ СЕРГЕЕВНА/ИП Панкова
56	312	620321039874	930717350167	БАТАНОВ ДАРХАН ТОЛЕУХАНУЛЫ/ИП Батанов
57	312	031220273311	040228550363	ТОЛЕУОВ БЕКЗАТ АЗАМТОВИЧ/ИП Толеуов
58	312	580520265455	020114501133	МӘЖИТ МАХАТ МЕЙРАМБЕКҰЛЫ/ИП Мәжит
59	312	031220305346	030111551115	ТЕМИРХАНОВ МЕРЕЙ АЯЗБЕКОВИЧ/ИП Темирханов
60	312	031220324408	980308450911	ЦОЛЛЕР АЛЕКСАНДРА АЛЕКСАНДРОВНА/ИП Цоллер
61	312	030420305186	960124351276	ШАКЕТАЙ ФАРХАТ ЕЛТАЙҰЛЫ/ШАКЕТАЙ ФАРХАТ ЕЛТАЙҰЛЫ
62	312	031220357822	010924000066	ЕРСІН ТЛЕК/ИП Ерсін
63	312	031220365647	981206351278	СЕТЕРХАН АЙДОС/ИП Каракас
64	312	620221604255	000306651166	МАНАСКЫЗЫ АЙГЕРИМ/ИП Манаскызы
65	312	390320258356	980928351568	БАБАЧЕНКО ЛЕОНИД АНДРЕЕВИЧ/ИП «Gold Logistic»
66	312	180420288292	970805399016	ЖҰМАХАН ЕРДОС/ЖК Жұмахан
67	312	031220423142	000913550944	ЖУЛДАСБАЕВ АЛИМЖАН МАКАРИМОВИЧ/Z.A.M
68	312	620220690692	900924450311	ТЕМЕШБАЕВА ГУЛЗАТ ЖАЙЛАУБАЕВНА/ИП Темешбаева
69	312	031220352414	911114351512	СУХОНОСОВ ЕВГЕНИЙ ЮРЬЕВИЧ/ЗАСК
70	312	090220301770	000823500502	МЕЛЬНИЧУК ВЛАДИМИР АЛЕКСАНДРОВИЧ/ИП Мельничук

Кредиторлардың және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылған (есептік тіркеуден шығарылған, қызметін тоқтатқан) жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) қабылдау үшін салық органының мекенжайы: Ақмола облысы бойынша МҚД Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 2/1.

■ **Тоқтаңыз: Алдау****ДИПФЕЙК-АЛАЯҚТЫҚ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ**

Цифрлық технологиялар күнделікті өмірді жеңілдетеді, бірақ сонымен бірге жаңа тәуекелдерді тудырады. Қаржылық алаяқтықтың ең қауіпті түрлерінің бірі дипфейк-алаяқтық – нақты адамдардың дауысын, бейнесін және әрекетін бұрмалауға мүмкіндік беретін, жасанды интеллектті қолданатын алдау.

Дипфейк жасау үшін алаяқтарға ашық ақпарат жеткілікті: әлеуметтік желілердегі, мессенджерлердегі немесе көпшілік алдында сөйлеуден бейне және аудиожазбалар.

Нәтижесінде адам жақын адамының таныс дауысын ести алады, басшының немесе «банк қызметкерінің» бетін көре алады және ауыстыруға күдіктенбей, алаяқтардың талаптарын орындауы мүмкін.

Дипфейк дегеніміз не және ол неліктен қауіпті

Дипфейк (ағылш. deep fake) – нақты адамның дауысына, сыртқы түріне және қарым-қатынас тәсіліне шынайы еліктеуге мүмкіндік беретін, жасанды интеллектке негізделген технология. Бұл үшін алаяқтарға ашық деректер жеткілікті: әлеуметтік желілердегі бейнелер, дауыстық хабарламалар, сторис, сұхбаттар немесе бейне қоңыраулар.

Дипфейктердің басты қауіптілігі – адам таныс адамды, яғни туысын, басшысын, әріптесін, банк қызметкерін көреді немесе естиді, сондықтан қырағылығын жоғалтады.

Дипфейк-алаяқтық қалай жұмыс істейді

Әдетте, схема төмендегідей болады:

1. Алаяқтар жәбірленушінің немесе оның айналасының цифрлық ізін жинайды (видео, дауыс, фото).

2. Жасанды интеллект көмегімен жалған дауыс немесе бейне жасайды.

3. Байланысқа шығады: телефон арқылы, мессенджерде немесе бейне қоңырау арқылы.

4. «Таныс» адамның кейпіне еніп, ақшаны шұғыл аударуға, деректерді беруге немесе кредит ресімдеуге көндіреді.

1-мысал. «Басшының қоңырауы»

Компания қызметкеріне мессенджерде бейне қоңырау түседі. Экранда директор бар, ал түтіктегі дауыс оның сөйлеу мәнерімен, интонациясымен және тембрімен толығымен сәйкес келеді. Сценарий, әдетте, ұқсас схема бойынша дамиды: болжам бойынша, басшы кенеттен тексеру, аудит немесе шұғыл мәміле туралы хабарлайды және контрагентке дереу ақша аударуды талап етеді. Ол құпиялылықты талап етеді және өте асығыс әрекет етеді.

Жеделдіктің, басшының беделінің және таныс дауыстың қысымымен қызметкер стандартты келісу рәсімдерінен өтпей-ақ нұсқауды орындайды. Кейінірек директордың қоңырау шалмағаны анықталады. Оның дауысы жасанды интеллект технологиясы (deepfake) арқылы жасалды және нөмір ауыстырылды.

2-мысал. «Жақын адамдардан қоңырау шалу»

Егде жастағы әйелге бейне қоңырау келеді. Экранда оның «ұлы». Ол толқып, абдырап сөйлейді және ауыр апатқа ұшырағанын айтады. Заңға қатысты мәселелерді болдырмау мақсатында «мәселені шешу үшін» шұғыл ақша қажет. Бейне мүлдем ақылға қонымды болып көрінеді: мимика, дауыс, интонация – бәрі бірдей. Әйел бір секундқа да күмәнданбайды. Жақын адам үшін дүрбелең мен қорқынышқа бой алдырып, ол үлкен соманы айтқан шотына аударды. Аударым жасалғаннан кейін бірден байланыс үзіліп, нөмір байланыстан тыс қолжетімсіз болады.

Тағы бір кең таралған схема да өте сенімді көрінеді. Жұбайы балаларымен бірге шетелге демалысқа ұшады. Біраз уақыттан кейін күйеуіне бейтаныс нөмірден бейне қоңырау түседі. Экранда оның әйелі, ол дабыл қағып, «құжаттармен проблемалар» немесе «визадағы қателіктер» салдарынан шекарада ұсталғанын айтады. «Жағдайды шұғыл реттеу» үшін белгілі бір соманы аудару қажет. Көп ұзамай қызмет өкілдері немесе делдалдар әңгімеге қосылады, олар аударым жасау үшін нұсқаулар мен мәліметтер береді. Адам бәрін тексеруге үлгермеуі үшін бәрі тез, қысыммен орын алады.

3-мысал. «Банк қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерінен қоңырау»

Азаматқа банктің қауіпсіздік қызметінің қызметкерінен қоңырау келіп түседі. Даусы сенімді, тыныш және кәсіби болып естіледі. Әңгімелесуші аты мен әкесінің аты бойынша жүгінеді, дербес



деректердің бір бөлігін атайды және «күдікті операция» немесе «кредитті рұқсатсыз ресімдеуге әрекет» шоты бойынша тіркелгенін хабарлайды.

«Қаражатты шұғыл қорғау» үшін адамға бірқатар іс-әрекеттер жасау ұсынылады: деректерді растау, СМС кодын айту, «қауіпсіз шотқа» ақша аудару немесе «қорғау» үшін арнайы қосымша орнату. Сенімділікті күшейту үшін алаяқтар «қауіпсіздік қызметі қызметкерінің» қатысуымен, банк киімімен, логотипімен және кеңсені көрсететін фонда бейнехабар жібере алады.

Шын мәнінде бұл әлеуметтік инженерияның мұқият дайындалған схемасы. Видео ашық материалдар мен нақты қызметкерлердің бейнелері негізінде дипфейк технологиясын пайдалана отырып жасалуы мүмкін. Қысым ақшаны жоғалту қорқынышына және жылдамдықты сезінуге негізделеді: адамға дереу әрекет ету керек, әйтпесе қаражат «сепіптен шығарылады» немесе «ұрланады» деп сендіреді.

Нәтижесінде азаматтар алаяқтарға ақша аударды немесе құпия деректерді береді, содан кейін қаскүнемдер жәбірленушінің атына кредиттер ресімдейді.

Неге дипфейк-алаяқтық аса тиімді

Таныс адамдардың сенімін пайдаланады.

Эмоция мен жеделдікке қысым көрсетеді.

Барынша шынайы көрінеді және дыбысталады.

Көбінесе шынайы дербес деректермен сүйемелденеді.

Қаржылық сауатты адамдар да мұндай схемалардың құрбаны болуы мүмкін, өйткені шабуыл білмегендікке емес, эмоциялық реакцияға бағытталған.

Өзіңізді қалай қорғауға болады: Fingramota.kz-тен ұсынымдар

Ақпаратты әрқашан тексеріңіз. Егер ақша туралы жедел сұраныс түссе, онда өз еркіңізбен оның жеке нөміріне қайта қоңырау шалыңыз. Сондай-ақ жеке сұрақ қойыңыз, оның жауабын тек жақын адамыңыз ғана біледі.

«Жеделдікке» сенбеңіз. «Дәл қазір», «ешкімге айтпа», «соңғы мүмкіндік» сияқты сөздер алаяқтықтың классикалық белгісі.

SMS кодтарын, банк карталары деректерін, жеке куәлік деректерін және қосымшаларға қолжетімділікті ешқашан бермеңіз.

Цифрлық ізді шектеңіз. Әлеуметтік желілердегі құпиялылықты күйге келтіріңіз және дыбыстық және бейнеоматериалдарды ашық түрде жариялауды азайтыңыз.

Жақындарыңызбен тәуекелдерді талқылаңыз. Әсіресе, мұндай сценарийлерді карт туыстармен және балалармен алдын ала талқылау маңызды.

Егер сіз алаяқтың құрбаны болсаңыз, не істеу керек

Банкке дереу хабарласыңыз. Болған оқиға туралы хабарлаңыз және картаны, шотты немесе кредиттік операцияларды бұғаттауды сұраңыз.

Алаяқтық фактісін тіркеңіз. Қоңырау жазбаларын, хат жазысу скриншоттарын, телефон нөмірлерін және аударма деректемелерін сақтаңыз.

Құқық қорғау органдарына хабарласыңыз. Қолда бар барлық материалдарды қоса отырып, алаяқтық туралы өтініш беріңіз.

Өзіңіздің кредиттік тарихыңызды тексеріңіз. Бұл заңсыз ресімделген қарыздарды анықтауға және оларды дер кезінде даулауға көмектеседі.

Жақындарыңызды ескертіңіз! Туыстарыңыз бен әріптестеріңізге келесі құрбан болмауын хабарлаңыз.

Ең бастысы, нені есте сақтау керек, тіпті бетін көріп, дауысын естисеніз де, бұл шынайылықтың кепілі емес. Дипфейк-алаяқтық цифрлық дәуірдің жаңа шындығына айналды. Жалғыз тиімді қорғану – сыни ойлау, ақпаратты міндетті түрде тексеру және қаржылық сақтық.

Облыстық Ішкі саясат басқармасы.

Хабарландыру

«АЗУРИТ-2019» ЖШС келесі мәселелер бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

1. Ақмола облысы Целиноград ауданындағы «Сарыадыр-1» кен орнында шөгінді жыныстарды (құмтас, құмтасты құмдақ және құмтастар бойынша үгілу қыртысының қыршықтасты түрі) өндіру кезінде бүлінетін жерлерді рекультивациялау жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар, кадастрлық нөмірі 01:011:037:823.

Тыңдаулар өткізілетін орын мен уақыты:

* **20/05/2026 сағат 12:00-де, мекенжайы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр ауылы, мәдениет үйі, сондай-ақ Сарыадыр ауылы тұрғындарын жеткізу ұйымдастырылады;**

2. Ақмола облысы Целиноград ауданындағы «Сарыадыр-2» кен орнында шөгінді жыныстарды (құмтас, құмтасты құмдақ және құмтастар бойынша үгілу қыртысының қыршықтасты түрі) өндіру кезінде бүлінетін жерлерді рекультивациялау жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар, кадастрлық нөмірі 01:011:037:822.

Тыңдаулар өткізілетін орын мен уақыты:

* **20/05/2026 сағат 15:00-де, мекенжайы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр ауылы, мәдениет үйі, сондай-ақ Сарыадыр ауылы тұрғындарын жеткізу ұйымдастырылады;**

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналысты өткізу мерзімі бес дәйекті жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция форматында өткізіледі. Zoom сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykw15qZ10BfsFcPKvbpPpOJR3mUmbON.1&omn=81653036473>

Конференция идентификаторы: 854 588 2756
Қол жеткізу коды: Gr93D4

Бастамашы: «АЗУРИТ-2019» ЖШС, ҚР заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы, 4А шағынауданы, 291-үй, электрондық пошта: aleksandrit-iv@mail.ru, тел. 8 701 555 6320. Директоры Махметов Табулда Әлібекұлы.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: ЖК NAZ, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Орталық ш/а, 50а/153, тел.: 87017503822.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7162)402807.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/> платформасында және ЖАО-ның www.upr.akmo.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru> сайтында орналастырылған. Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс деректері: orazalinova@list.ru, +77017503822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: exreso@mail.ru.

«Сарыадыр-1» жоспарланып отырған қызмет орнының координаттары: 50°48'17.22" N 71°37'51.09" E; 50°48'30.15" N 71°37'51.82" E; 50°48'29.55" N 71°38'18.22" E; 50°48'26.32" N 71°38'18.04" E; 50°48'25.60" N 71°38'49.73" E; 50°48'15.90" N 71°38'49.18" E.

«Сарыадыр-2» жоспарланып отырған қызмет орнының координаттары: 50°47'40.83" с.е., 71°38'11.16" ш.б.; 50°47'40.10" с.е., 71°38'43.29" ш.б.; 50°47'29.37" с.е., 71°38'42.69" ш.б.; 50°47'30.10" с.е., 71°38'10.56" ш.б.

Әсер ету аумағының координаттары: 50°51'1.04"С, 71°22'13.18"Ш.

Esil-Nura**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды еселке қою туралы N 16264-Г Күәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 66.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz



■ Агросовещание

Заместитель Премьер-министра – министр национальной экономики Серик Жумангарин встретился с фермерами Акмолинской области в городе Косшы.

Акмолинская область является одним из ведущих аграрных регионов страны. Доля сельского хозяйства в валовом региональном продукте региона составляет порядка 15%. В 2025 году здесь собран рекордный урожай зерна — 7,6 млн тонн, что превышает четверть республиканского объема.

Регион также демонстрирует динамику в диверсификации посевов. В 2025 году площади масличных культур впервые достигли 500 тыс. га, увеличившись в 2,5 раза. Как отметил аким Акмолинской области



АКМОЛИНСКАЯ ОБЛАСТЬ – ОДНА ИЗ ВЕДУЩИХ АГРАРНЫХ РЕГИОНОВ СТРАНЫ



Марат Ахметжанов, в текущем году планируется расширение до 580 тыс. га. Общая посевная площадь составит 5,6 млн га — на 76 тыс. га больше, чем годом ранее.

Ключевыми темами встречи стали новые нормы Налогового кодекса и реализация Комплексного плана развития животноводства. Как отметил вице-министр сельского хозяйства Амангалий Бердалин, план направлен на решение системной проблемы отрасли — дефицита доступного финансирования по всей производственной цепочке. На его реализацию предусмотрено 374 млрд тенге.

С начала марта запущены новые кредитные продукты «Игілік» и «Береке» с фиксированной ставкой не более 6% годовых. Они ориентированы на приобретение племенного поголовья:

* «Игілік» — для хозяйств с объемом от 100 до 500 голов КРС и от 500 до 1000 голов МРС;

* «Береке» — для более крупных хозяйств с объемом от 500 голов КРС и от 1000 голов МРС.

Расширение программ кредитования по другим видам сельскохозяйственных ожидается в ближайшее время.

Серик Жумангарин отметил, что приоритетом остается развитие производства продуктов питания, по которым сохраняется импортозависимость, а также углубление переработки сельхозпродукции. По его словам, государство усиливает инструменты поддержки отрасли, при этом в 2026 году основной акцент сделан на развитие животноводства как конкурентного преимущества страны.

В ходе встречи также обсуждались изменения в На-

логовом кодексе. Отмечено, что для сельхозтоваропроизводителей сохранены ключевые налоговые льготы: по корпоративному подоходному налогу ставка составляет 3%, по социальному — 1,8%, при этом земельный, имущественный и транспортный налоги снижены на 70%. Кроме того, для сельхозпроизводителей предусмотрено дополнительное уменьшение нагрузки по НДС — с 2026 года до 80%, что фактически снижает налоговую нагрузку на отрасль.

В ходе встречи аграрии озвучили ряд предложений. Глава ТОО «Агрофирма «Родина» Иван Сауэр предложил установить четкие целевые показатели эффективности, привязанные к земельным ресурсам, и учитывать их при предоставлении господдержки. Также он подчеркнул необходимость развития круглогодичного пастбищного животноводства, что позволяет сохранять его рентабельность.

Также аграрий акцентировал внимание на развитии



селекционной работы, в частности, искусственного осеменения, и выравниванию условий субсидирования отечественного и импортного племенного скота. По его словам, отечественный племенной скот уже несколько не уступает зарубежному и полностью адаптирован к местным условиям.

Представители бизнеса затронули практические вопросы. Директор группы «Логос грейн» Арман Кудайбергенов обратился с вопросом по механизму возмещения НДС экспортерам сельхозпродукции и уточнил сроки выплаты транспортных субсидий на поставки зерна на экспорт.

Директор ТОО «Agro Milk Projekt» Юрий Швец сообщил, что в 2024 году на льготный кредит через СПК приобрели молочный скот и самостоятельно возвели конструкцию МТФ на 400 голов. В ближайшее время предприятие планирует расширяться, приобрести еще около 300 голов молочного скота. Поднял вопросы возможности льготного кредитования строительно-монтажных работ.

На все вопросы аграрии получили развернутые ответы.

В рамках рабочей поездки Серик Жумангарин также посетил ряд предприятий. ТОО «Алтын Қазық» осуществляет полный цикл переработки — от выращивания сырья до выпуска готовой продукции. В структуру предприятия входят откормплощадка, убойный цех, ветеринарная лаборатория, овощехранилище, колбасный цех. Общая площадь сельхозугодий составляет 12 тыс. га, из которых 1 тыс. га — орошаемые. Объем переработки достигает 10 тыс. тонн мясной продукции в год. Предприятие экспортирует барани-

■ Паводок – 2026

СИТУАЦИЯ ОСТАЕТСЯ ПОД КОНТРОЛЕМ

В Целиноградском районе Акмолинской области продолжается активная борьба с паводковой угрозой. Все профильные службы работают в усиленном режиме.

Как сообщили в МЧС, для ликвидации последствий подтопленных развернута мощная группировка сил и средств. К работе подключены подразделения не только самого района, но и спасатели из Бурабайского района и Кокшетау.

На местах задействована специализированная техника, включая автомобиль насосно-рукавной, кото-

рый используется для интенсивной откачки воды.

Только за последние сутки в Целиноградском районе удалось откачать около 120 тысяч кубометров талых вод.

